

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2025 жылғы 25 сәуірдегі
№ ДС-204 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдардың қазақша ым-ишара тілі және дактиль әліпбиін қолдануы және олармен коммуникация жасауға қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы 2023 жылғы 7 маусымда халықаралық Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады.

Конвенцияның 21-бабына сәйкес қатысушылар өздерінің таңдауы бойынша қарым-қатынастың барлық нысандарын пайдалана отырып, ақпарат пен идеяларды басқалармен тең дәрежеде алу және тарату еркіндігін қоса алғанда, көзқарасы мен наным-сенімін білдіру еркіндігі құқығын пайдалануын қамтамасыз ету үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес Ұлыбританияда, Исландияда, Австралияда, Жаңа Зеландияда, Норвегияда, Австрияда, Испанияда, Швецияда, Оңтүстік Африка Республикасында ым-ишара тілі ресми мойындалған.

Алдағы кезеңде Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерін тарта отырып, әлемдегі ым-ишара тілдері мен дактиль әліпбилерінің ресми бекітілуіне (мойындалуына) қатысты халықаралық тәжірибе зерделенетін болады.

Одан кейінгі кезеңде мемлекет пен қоғамның инклюзивтілігі тұрғысынан мүдделі мемлекеттік органдар бейінді ұйымдар өкілдерімен бірлесіп, қазақ ым-ишара тілі мен дактиль әліпбиін қабылдау мәселесі егжей-тегжейлі пысықталатын болады.

2007 жылы «Үміт» саңырау мүгедектерді қолдау орталығы» қоғамдық қоры Қазақстанның саңырау азаматтарына арналған «Қол қимыл әлемі» атты ым-ишарат тілінің тақырыптық сөздігін үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) әзірледі.

Оқу-ағарту министрлігінің «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ 2020-2021 жылдары «е-Ымдау» қазақ және орыс тілдеріндегі ымдау тілінің электрондық бейне сөздігін, оны арнайы мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде қолдануға арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірледі (сілтеме: <https://special-edu.kz/news/6/single/1529>).

Қазақ әліпбиінің дактилі алғаш рет 1998 жылы шығарылған және білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрліктері бекіткен есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектептердің дайындық сыныптарына арналған «Әліппе» оқулығында қолданылған.

Қазіргі уақытта дактиль алфавитін оқыту мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларымен «Әліппе, Ана тілі» пәндері шеңберінде көзделген.

Оқу-ағарту министрлігінің жұмыс жоспарына сәйкес мектепке дейінгі және орта білім берудің арнайы бағдарламаларын кезең-кезеңімен жаңарту және есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған оқулықтарды әзірлеу жұмысы жүргізілуде.

Қазіргі кезге дейін есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған 25 оқулық пен оқу-әдістемелік кешен әзірленді. 2025–2030 жылдары есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған 36 оқулық пен оқу-әдістемелік кешен әзірлеу қарастырылады.

«Арнайы педагогика мамандарын даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлауды 17 жоғарғы оқу орны жүзеге асырады. Аталған бағыт бойынша кадрлар даярлауға 2024-2025 оқу жылында бакалавриатта 656 грант, магистратурада 150, докторантурада 13 грант бөлінді.

Қазіргі кезде білім беру бағдарламаларының тізіліміне 60-тан астам білім беру бағдарламасы енгізілген («Арнайы педагогика», «Арнайы педагогика: аутизм спектрі бұзылған балаларды сүйемелдеу (IP)», «Арнайы педагогика: Тифлопедагогика», «Арнайы педагогика: инклюзивті білім беру», «Ерте қолдау педагогикасы (IP)», «Эргопедагогика (IP)» және т.б.).

«Арнайы педагогика мамандарын даярлау» аясында «Сурдопедагогика» білім беру бағдарламасын 3 университет жүзеге асырады (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті).

Одан басқа, 2024 жылы М.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті жаңа білім беру бағдарламасын (Сурдопедагогика негіздері бар олигофренопедагогика) енгізді. Бұл білім беру бағдарламасының мақсаты – жалпы, арнайы және инклюзивті білім беру жүйесінде есту қабілеті бұзылған балалармен коррекциялық-педагогикалық жұмыс жүргізе алатын сурдо- және олигофренопедагогтерді даярлау.

Дүниежүзілік Банктің «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы аясында «Арнайы білім беру» жаңа білім бағдарламасы әзірленді. Аталған бағдарлама 60 академиялық кредит педагогикалық компоненттен (педагогикалық практиканы қоса алғанда), міндетті компоненттен және пәндік компоненттен тұрады.

Пәндік компонент аясында «сурдопедагогика» пәні қарастырылған.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің базасында Қазақстанның жоғары оқу орындары үшін инклюзивті білім беру жөніндегі республикалық ресурстық-консультациялық орталық жұмыс жасайды және 80 сағат көлемінде «Сурдоаударма және ымдау тілі негіздері» тақырыбында ымдау тілі бойынша курс өткізеді.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің базасында Dana Bala үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығы құрылды және инклюзивті бастауыш мектеп ашылды. Есту қабілеті нашар студенттер үшін Альфред Томатис әдісі бойынша есту жаттығулары және арнайы зертханада сенсорлық интеграция элементтері бар.

2025 жылы мүмкіндігі шектеулі студенттерге, оның ішінде есту қабілеті бұзылған адамдарға, арналған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетімен консорциум құрылды.

Қазіргі кезде осы консорциум негізінде мамандандырылған жоғары білім беру орталығын құру пысықталуда. Өз кезегінде, аталған орталық мүмкіндігі шектеулі студенттерге жағдай жасау үшін барлық жоғары оқу орындарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін болады.

Қостанайлық IT-мамандар елімізде бірінші болып есту қабілеті бұзылған адамдарға арналған қазақ ымдау тілінің электрондық сөздігін әзірледі.

Сонымен қатар, Әлеуметтік кодекске (163 бабы) сәйкес мүгедектігі бар адамдарға абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес ымдау тілі маманының қызметтері ұсынылады.

Ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну тәртібі Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну қағидаларымен¹ реттеледі.

Мүдделі мемлекеттік органдар барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктер жасау бойынша жүйелі түрде жұмыстарды жалғастыруда.

Е. Көшербаев

¹ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 286 бұйрығы